


7 – сынып геометрия. 9 – шы сабақ тапсырмалары

№1. (hk) және (h_1k_1) бұрыштары мен PQ кесіндісі берілген.
 $AB = PQ$, $\angle A = \angle(hk)$, $\angle B = \frac{1}{2} \angle h_1k_1$ болатындай етіп, ABC үшбұрышын салыңыз.



1 – сурет

№2. 1) Екі катеті; 2) катеті мен іргелес сүйір бұрышы бойынша тік бұрышты үшбұрыш салыңыз (1 – сурет).

№3. 1) Бүйір қабырғасы мен табанына қарсы жатқан бұрышы; 2) табаны мен табанындағы бұрышы; 3) бүйір қабырғасы мен табанындағы бұрышы; 4) табаны мен бүйір қабырғасы;

№4. Ұзындықтары a , b және c – ға тең кесінділер берілген. $AB = a$, $BC = b$, $AC = 2c$ болатындай етіп, ABC үшбұрышын салыңыз.


№5. Ұзындықтары a , b және c – ға тең кесінділер берілген. $AB = 2a$, $BC = b$, $AC = c$ болатындай етіп, ABC үшбұрышын салыңыз.

№6. Табаны мен табанына түсірілген биіктігі бойынша тең бүйірлі үшбұрыш салыңыз.

№7. Гипотенузасы мен сүйір бұрышы бойынша тік бұрышты үшбұрыш салыңыз.

№8. Гипотенузасы мен катеті бойынша тік бұрышты үшбұрыш салыңыз

№10. Центрі берілген түзуде жататын, берілген нүкте арқылы өтетін, берілген радиусы бойынша шеңбер салыңыз.



2 – сурет

№11. Берілген екі нүкте арқылы өтетін, радиусы берілген шеңбер салыңыз (2 – сурет).

№12. A , B нүктелері, a түзуі және PQ кесіндісі берілген. $C \in a$, $AC = PQ$ болатындай етіп, ABC үшбұрышын салыңыз.

№13. Шеңбер, A , B нүктелері және PQ кесіндісі берілген. C төбесі берілген шеңберде жататындай және $AC = PQ$ болатындай етіп, ABC үшбұрышын салыңыз.

№14. Қабырғасы, оған іргелес бұрышы және өзге екі қабырғаларының айырмасы бойынша үшбұрыш салыңыз.

№15. Қабырғасы, оған іргелес бұрышы және өзге екі қабырғаларының қосындысы бойынша үшбұрыш салыңыз.